

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жалпекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикации не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. I том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: XVIII Материалы международного Евразийского научного форума. I том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 193 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразиялық ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

қарсы тұрушылармен сұхбаттасқан қайраткер, қаламгер Смағұл Садуақасұлының «Сәрсенбек» романының елеулі септігі тимек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. Алматы: Қазақстан, 1996.- 256 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары, Алматы: Жазушы 1989.-283-б.
3. Шонанұлы Т. Қазақстанда ғылым-білім, баспа жұмысы // Қызыл Қазақстан, 1925, № 3-4-5, 39-б.
4. Кенжебайұлы Б. Өтелмеген парыз // Қазақ әдебиеті, 1957,25 қаңтар.
5. Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. Қызылорда, 1929, 139-б.
6. Омбы облыстық мемлекет архиві (ООМА), 65-қор, 57-іс, 7-бума, 23-24-беттер.
7. Садуақасұлы С. Жастарға – жаңа жол. Орынбор, 1921
8. Садвокасов С. Киргизская литература (историко-критический очерк) // Трудовая Сибирь, 1919, № 1.
9. Бірлік туы, 1918, 9,18 сәуір.
10. Жас азамат, 1918, 30 шілде.
11. ООМА, 151-қор, 299-іс, 27-бума, 288-бет.
12. ООМА, 151-қор, 1-тізім,624-іс, 5-6-беттер.
13. Некролог (С. Садвокасов) // Известия, 1933, 18 декабрь.
14. Бұл да сонда.
15. Ұшқын, 1920,15 қазан.
16. Еңбекші қазақ, 1925, 5 мамыр.
17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық архиві. 929-қор, 1-тізім, 20-іс, 9,14,22-парақтар.
18. Қазақстан РеспубликасыПрезидентінің архиві, 142-қор, 1-тізім, 55-іс, 40-46 парақ.
19. ҚР ПА, 142-қор, 1-тізім, 139-іс, № 39,45-парақтар.
20. Қызыл Қазақстан, 1924, №11 – 1925, № 7.
21. Еңбекші қазақ, 1925, 8 қаңтар – 1926, 20 ақпан.
22. Еңбекші қазақ, 1925, 26,29 қазан.
23. Еңбекші қазақ, 1926,27 мамыр.
24. Еңбекші қазақ, 1926, 7 қазан.
25. Егеменді Қазақстан, 1992, 15 ақпан, 7 наурыз
26. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2-том, Алматы: Жазушы, 2005.- 150-б.
27. Садуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы (құрастырған – Д.Қамзабекұлы). 1-т. Астана: Нұра-Астана, 2013.- 376 б.
28. Дулатұлы М. Г. Дума һәм солдаттық мәселесі // Қазақ, 1916, 9 ақпан
29. Восстание 1916 года в Казахстане (Документы и материалы), Алма-Ата, 1947, стр. 21-22.
30. Еңбекші қазақ, 1926, 8 шілде.
31. Қазақ, 1916, 8 шілде.
32. Еңбекші қазақ, 1926, 8 шілде
33. Сармурзин А, Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті, 1989, 7 шілде
34. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. Алматы, 1978, 188-б.
35. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. Алматы, 1979, 7-б.
36. Ғабдуллин Н. Шығарма арқауы – шындық. Алматы, 1968, 178-б.
37. Жаңа мектеп, 1926, № 6; Әйел теңдігі, 1927, № 4, 5.
38. Ғабитова Ф. Мұхтармен алғашқы кездесуім // Қазақ әдебиеті, 1992, 7 ақпан.
39. Әуезұлы М. Қилы заман (ұзақ әңгіме), Қызылорда, 1928.
40. Әуезов М. Лихая година (предисловие Ч. Айтматова, перевод А. Пантиелева) Новый мир, 1972, № 6.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ БЕЛЕСТЕРІ

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің деканы / Қазақстан Республикасы

Елкей Н.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты / Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы бұл ата-бабаларымыздың еркіндік жолында төгілген қаны мен жаңбырша тамған көз жасының дәлелі, халқымыздың маңдай терімен жеткен

жетістіктерінің көрінісі. Осы уақыт аралығында халықтың тарихи санасы қалыптасып, еркін елдің жаңа да жасампаз ұрпағы өсті. Әрине, бұл уақыт ішінде атап өтуге тұрарлық, мемлекеттігімізді нығайтып, дүние жүзіне белгілі болатындай біршама ауқымды істер атқарылды. Дегенмен, ұлттың жаңа болмысы әрқашан өткенді білуден, оны дәріптеуден басталады. Келешек ұрпақ тәуелсіздік құндылығын терең түсініп, жадында мәңгі сақталуы үшін оның қадірін білуі қажет. Осы орайда, тарихи жадының алатын орны маңызды.

1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылданып, әлем мойындаған тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, ілгері қарай алғаш қадамдарымызды жасай бастағанда халықаралық деңгейдегі БҰҰ-ның мүшесі болдық. Осыдан бастап Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, шет мемлекеттерден өз елшіліктерін ашып, жаһандық аренадағы мемлекеттік беделін қалыптастыра бастады. Соның дәлелі, тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 мемлекетінің қатарынан көрінді. Қазақстан-2030 стратегиясын мерзімінен бұрын орындап, «Қазақстан-2050» бағдарламалық стратегиясы негізінде жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясын негіз еткен 5 институционалдық реформа мен Ұлт жоспарын жүзеге асыруға көшті.

Еліміздің тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері бір жағынан зор қуаныш болса, екінші жағынан, үлкен тарихи жауапкершілік еді. Қазақ елі отыз жыл ішінде осы бір маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, келешекке нық сеніммен қарады, өзінің даму жолына толық сенді. Дегенмен де, артта қалған жылдарға тарих таразысынан өткізіп қарайтын болсақ, тәуелсіз еліміз үшін өте сындарлы және айтулы кезеңдер болғаны анық. Бәрімізге белгілі, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары түрлі шетелдік басылымдарда еліміздің болашағына күмән келтіріп, ертеңіне сенімсіздікпен қарайтын мақалалар шыққаны белгілі. Оларда қазақ халқының тәуелсіздігі туралы, мемлекеттік дәстүрі болмаған деген ой-пікірлердің айтылып, жазылғанын бәріміз білеміз. Отызжылдық тарихымыз ондай теріс пікірлердің бәрін жоққа шығарып, өзінің сан ғасырлық даму тарихы бар ұлт екендігін, мемлекеттілік тарихының кем дегенде үш мыңжылдық шежіресі бар екендігін қазіргі күнде дәлелдей алды.

«Тарихты халық жасайды, ғалым жазады» деген қағиданың растығына отандық тарихтың өзекті бір мәселелерін қолға алғанда бірден көз жеткізуге болады. 1995 жылы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырысымен «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдаманың басты мақсаты тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінің маңызы ескеріліп, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегін анықтау болды.

Өткен ата-бабалар жолына құрмет, ұрпақтар сабақтастығы, ел бірлігі мен біртұтастығын қалыптастыру мақсатында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 1997 жылды «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялаған еді. Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыда қарай білген Елбасы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында төл тарихымызға қатысты көптеген мәліметтерді келтіре отырып, отан тарихына қатысты тың деректерді зерттеу қажеттігін баяндады.

2003 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігін жариялады. «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты жазба деректерді жинау және жариялау болып табылады. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында мемлекеттің ұлттық тарихты жаңғырту мен зерделеу мақсатында орасан зор жұмыстар жасалды. Бағдарламаның нәтижесінде 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. 218 нысанды қамтыған

Қазақстанның тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі дайындалды. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей және Өзбекстан, Армения, Құрама Штаттар және Батыс Еуропа елдеріне ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Олардың қорытындысы бойынша 350-ден астам кітап, олардың ішінде этнография, археология, тарих бойынша сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер шығарылды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген тұжырымына орай 2013 жылы Мемлекеттік хатшы М.Тәжиннің баяндамасында айтылғандай ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмасымен «Халық тарих толқынында» бағдарламасы жүзеге асырылды. Бұл бағдарламаның алға қойған мақсаты - Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалы секірісті жүзеге асыруына жағдай жасау, қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін нығайту, ұлттық жаңа дүниетанымын қалыптастыру және т.б. болды.

Сонымен, «Мәдени мұра» ақтаңдақтарды қалпына келтіріп, өшкенімізді жандырса, «Халық тарих толқынында» ұлт тарихын таныстырып, елге табыстыратын жол болды. Осындай бағдарламалық мақалалардың қабылдануы, халық арасынан қолдау табуы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп келе жатқан саясатының жемісі.

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылдануы, еліміздің жетістіктері мен Елбасының ұстанған бағыты Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуіне бастау болды. Сонымен қатар, еліміз халықаралық дәрежедегі жиындар мен олимпиадаларды өткізуге мүмкіндік алды. Ең ауқымдыларының бірі – инновациялық дамудағы қуатты серпінге негіз болған ЭКСПО көрмесі. ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің Астанада жоғары деңгейде өткізілуі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге танытты.

«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» [1] деп сипатталатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрініс тапты. Жаңа тарихи дамуымыздың негізіне айналған бағдарламалық мақаланың мақсаты - рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену.

Бағдарламада қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп, 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшуі талқыланды. Сонымен қатар, «Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы кітаптар негізінде білім алуға мүмкіндік беруге, білім сапасын арттыруға және ұлттың өзіндік сана-сезімін дамытуға бағытталған. Ең бастысы ЖОО үшін бұл бағдарламаның нәтижесі студенттер аталған кітаптарды оқып, білу арқылы халықаралық деңгейдегі еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын маман болады деп есептеймін. Келесі «Қазақстанның 100 жаңа есімдері» атты жоба еліміздің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі жастағы және әртүрлі ұлттардың өкілдері арасынан жоғары жетістіктерге жетіп, қоғамда үлгі боларлық тұлғаларды дүйім жұртқа таныстырады. Ал, «Қазақстанның киелі географиясы» атты жоба еліміздің тарихи-мәдени және киелі жерлерінің тарихын сипаттайды. Бұл жобаға жататын қасиетті орындар – елде туризм индустриясын дамытуға, сөйтіп халықты киелі жерлерге тартуға арналады.

Жалпы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи тәуекелдіктер мен жаһандық талаптарды ескере отырып, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстанның заманауи әлемдегі бәсекелік қабілеттілігін арттыруға, ұлттық сәйкестікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған.

2018 жылы 21 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласын жарияланды. Аталған мақала – құнды дүние. Елбасымыз жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе, тарихи сананы жаңғырту

мәселесін көтеріп, 6 бірдей жобаны ұсынып отыр. Бұл мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылады.

Көлемді мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Елбасы бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» бөлімінде қазақтың атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургиясы, аң стилі, «Алтын адам», Ұлы Жібек жолы және т.б. құндылықтарымыз туралы баяндалса, «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде Ұлы даланың ұлы есімдері, ежелгі өнер, дала фольклоры мен музыкасы және тарихтың кино өнері мен телевизиясы туралы айтылған.

Елбасымыздың бағдарламалық мақаласында ұсынылған маңызды жобалардың бірі - «Архив-2025» бағдарламасы. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда көптеген зерттеушілердің қол жеткізілуін қамтамасыз ету үшін мұрағат құжаттарын цифрландыру мәселесі. Оны жүзеге асыру мақсатында Елбасы Қазақстанда және шет елдердегі мұрағаттармен ұзақ мерзімді өзара әрекеттесу мақсатында тарихшылардың, мұрағатшылардың және т.б. арнайы топтарын құру міндетін қойды. Бұл жұмыстың маңызды нәтижесі ғылыми еңбектер мен мұрағат құжаттарының жинақталуы және оларды пайдалану Қазақстан халқының тарихи өткенінің тұтас бейнесін қайта құруда құнды дереккөзі болады.

«Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалар бүгінгі жаһандану жағдайында ел бірлігін сақтау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын танып әрі әлі ашылмаған қырларын зерттеуге шақырады. Егер ұлт рухани және материалдық дүниетанымдарын меңгермесе, ол бірегейлігінен айрылады. Сондықтан, бұл мақалалар біртұтас халық болып қалыптасудың маңызды механизімі саналады.

2021 жылы тәуелсіздіктің отызжылдық мерекесі қарсаңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялаған еді. Мемлекет басшысы «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес» деп тебірене ой қозғаған еді. Мақалада көрсетілген «Қайта жаңғырған қазақ мемлекеті» деп отырғаны қазақ халқының ежелгі және орта ғасырларда өз мемлекеті болып, тарихтың бір кезеңінде оны жоғалтып алғанын, ал осыдан отыз жыл бұрын оны қайта құрып, жаңғыртқанын меңзейді. Одан әрі Мемлекет басшысы отызжылдық тәуелсіздік дәуірін шартты түрде үш онжылдық кезеңге бөліп, әр онжылдыққа қысқаша тоқталып, сипаттамалар береді. Алғашқы онжылдыққа – «Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі», екінші онжылдыққа – «Қазақ елінің керегесін кеңейту», ал үшінші онжылдыққа – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған кезең» деп сипаттамалар береді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жазғанындай, тәуелсіздігіміздің алғашқы он жылдығы еліміздің іргетасын қалау кезеңі болса, ұлт тарихын зерттеуде бұл онжылдықты шартты түрде ең алдымен, қоғамтану ғылымдарында ескі методологияның жойылып, жаңа, өркениеттік методологияның толық орнығуымен, жеңіске жетуімен ерекшеленеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында жаңа методологияны ту етіп ұстаған тарихшылар Отан тарихының ең өзекті мәселелерін зерттеуді қолға алып, бірнеше жүздеген ғылыми мақала жазып, диссертацияларын қорғады, монографиялар жариялады. Осы жылдары ең көп қарастырылған мәселелерге – XX ғасыр басындағы еліміздегі қоғамдық-саяси қозғалыстар мен 1920-1930 жылдардағы Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелері жатады. Сондай-ақ 1937-1939 жылдары жаппай саяси репрессия мен оның құрбандары, 30-жылдардың басындағы елдегі аштық пен өлім, ұжымдастыруға қарсы көтерілістер мен бас көтерулер, Голощекиннің «кіші Қазан» саясаты, Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметтеріне және тағы басқа осы кезеңнің мәселелеріне арналған тақырыптар қамтылды.

Кешегі кеңестік дәуірде коммунистік идеологиялық қыспаққа ұшырған саланың бірі тарих ғылымы еді. Үндістанның тәуелсіздігі үшін күрескен Дж. Нерудің атақты сөзі бар: «Отар болған елдердің тарихын отарлаушы елдің тарихшылары жазады» деген. Осы сөздің,

төркінінде запырандай ащы шындық жатыр. Біздің қазақ халқының тарихы Ресей тарихының бір жарықшақ сынығындай ғана еді. Бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін қолданылатын ең оңтайлы тәсіл – халықты өз тарихынан айыру [2, 297 б.]. Кешегі тоталитаризмнің ұлт тарихы тамырына балта шабуы – нақ осы тәсілдің айқын көрінісі. Отаршылдық билік қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын елемей, оның рухани дамуын тежеді. Соның салдарынан тарихи зерттеулерде «ақтаңдақтар» деген ұғым пайда болды. Яғни, ғылымда не мүлдем айтылмайтын, не идеологиялық шеңберінен шыға алмайтын бұрмаланған, бүркемеленген жасанды мәліметтер мен материалдар белең алды. Осының салдарынан тарих ғылымы өзінің объективтілігінен, шынайлығынан айырылды. Осыдан келіп, қоғамның тарихқа деген сенімі кетті, тарихшы ғалымдар сын тоқпағына ұшырады. Цензураға қарамастан шындыққа ұмтылған тарихшылар қуғындалды. XX ғасырдың ұлы тарихшысы, қазақтың біртуар азаматы Ермұхан Бекмахановтың тағдыры соның дәлелі.

Тәуелсіздік дәуірі қоғамды осы бір шырмауықтан құтқарды. Шындықты ашып айтатын заман туды. Зерттеушілер «құпия», «өте құпия» деген грифпен архивте жатқан құжаттарға қол жеткізді. Еркіндіктің алғашқы кезеңінде, яғни өткен ғасырдың 80-90-шы жылдарының басында большевиктік террордың құрбаны болған қазақтың ұлы қайраткерлері ақталып, олардың есімдері ұрпақ жадына қайтарылды.

Тәуелсіздік әкелген бостандықтың арқасында еліміздің білікті тарихшылары идеологиялық құрсаудан босаған отандық тарихи зерттеудің жаңа тұжырымдамасын жасауға кірісті. Ұлы көштің басында қазақ тарихы ғылымының көшбасшысы, академик М.Қ. Қозыбаев тұрды. Ұлт тарихы ұлт мүддесін зерттейтін, қорғайтын ғылым ретінде қайтадан қалыптаса бастады. Кеңестік дәуірде тарихқа күштеп енген «ақтаңдақтардың» орны толтырылды.

Ұлттың жаңа болмысы өткенді білуден, дәріптеуден бастау алады. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, ұлттық құндылықтарын халқымыздың жадында мәңгі сақтау үшін өскелең ұрпақ оның тарихын білуі керек. Осындай жағдайда, тарихи жадының орны ерекше. Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығымен қатар, бұл егемендікке жеткізген қайғы-қасіретке толы тарихи оқиғаларды ұмытпаған жөн. Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі XX ғасырдың 20-жылдардағы нәубеттен бері бір ғасырға жуық уақыт өтті. Одан бергі 1986 жылы ұл-қыздарымызды кеңістік билік қаһарынан қорықпай, ұлттың ар-намысы үшін алаңға шығарған Желтоқсан оқиғасына да 35 жыл толады. Осындай халық басына төнген қасіретті жылдардың тарихы бұрмалануға тиісті емес. Өйткені, бұның бәрі ащы шындық, біздің тарих. Мемлекеттілігіміз туралы мәселелерді сөз еткенде, мыңдаған ғасырларға созылған тарихымыздың, азаттық жолында құрбан болған батырларымыздың ерлікке толы жолын, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ел үшін жасаған еңбектерін, мемлекет құру жолындағы бағдарламаларын, жалпы ұлт шежіресін және т.б. зерттеуге арқау боларлық өзекті деректерді жария ету маңызды міндет.

Міне, осындай тарихи зерттеудің жаңа тұжырымдамалық ұстанымының жүзеге асуына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарихшы ғалымдары да белсенді араласып келе жатыр.

Жоғарыда атап өткендей, 2013 жылы қабылданған «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында университетте біршама ұйымдастыру, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Университет ректоры, академик Е.Б. Сыдықовтың шешімімен тарих факультеті жеке бөлініп шығып, дербес факультет мәртебесіне ие болды. Факультет алдына Еуразия кеңістігіндегі тарихи, археологиялық – этнографиялық зерттеу жұмысының кешенді бағдарламасын жүзеге асыру міндеті қойылды. Факультет ғалымдары қысқа мерзім ішінде тарихи зерттеудің өзекті мәселелеріне арналған жеті томдық «Халық тарих толқынында» атты жинақ дайындалды. Осы жинақтың 1 томы Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына арналды. Факультет негізінде құрылған К.Ақышев атындағы археологиялық ғылыми зерттеу институтының жұмысының нәтижесінде Елорда іргесіндегі

ортағасырлық Бозоқ қалашығын зерттеу жалғасын тапты. Факультеттің археология кафедрасының ғалымдары Семей өңіріне, ұлы Абайдың отанында Шыңғыстау археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, қола дәуіріне қатысты мол жәдігерлерді тауып, көрмелер ұйымдастырды. Университет ректоры, академик Е.Б. Сыдықов төрағалық ететін ҚР тарихшыларының Ұлттық Конгресі Еуразия ұлттық университеті тарихшылар қауымының ғылыми ізденістерін бағыттап ұйымдастыратын штабқа айналды. Конгрестің мәртебесі, ұйымдастыру жұмысы республика көлемінде де жүргізілуде.

Тарихи зерттеуге тың серпін беріп, жаңа бағыттарға жол сілтеген «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары еді. Осы мақаладағы Елбасының «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтармен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінік болуға тиіс» деген ойы – тарихқа деген дұрыс ұстаным. «Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады», деген сөздері ұлт тарихының бүгінгі күнгі тұжырымдамасын нақтылай түскені анық. Ал Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы... «Қазақстанның жаңа тарихын жүйелі зерттеген жөн» деген сөздерін тарихшылар ұлт тарихын зерттеудегі жаңа ұстаным, мемлекет басшысының тапсырмасы ретінде қабылдады. Президент Қ.К. Тоқаевтың «... ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек» [3], дегені тарих ғылымына деген қолдау деп түсінген жөн. Тарихқа мүлдем қатысы жоқ, бірақ өздерін осы саланың «білгірі» санайтындарға айтылған ескерту деп түсінеміз және толық қолдаймыз. Әркімнің өзінің біліміне, біліктілігіне қарай қалам тартқаны дұрыс болар еді. Сонда ғана тарих бетіндегі «ақтаңдақтар» жойылып, оның ой шұқырлары ұлт тарихының жаңа ұстанымымен толығар деген пікірдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. -369 б.
3. Тоқаев Қ.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы <https://informburo.kz/kaz/tauelsizdik-baerinen-khymbat-prezident-makhalasynung-tolykh-maetini>
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
5. Тәуелсіздік және ұлттық тарих. www.egemen.kz сайтынан: <https://egemen.kz/article/276782-tauelsizdik-dgane-ulttyq-tarikh>

Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ДӘРІШТЕУДЕГІ МУЗЕЙДІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-Стратегиялық даму жөніндегі проректор /
Қазақстан Республикасы

Ахметова С.М.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Білім тарихы» музейінің меңгерушісі /
Қазақстан Республикасы

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылы көтерген «Еуразиялық идеясының» негізінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 1996 жылы 23 мамырда құрылды. 2002 жылдың 1-қазанында Л.Н. Гумилевтің Музей-кабинеті ашылып, күні бүгінге дейін жұмыс істеп тұр. Бастапқыда музей-кабинет Еуразиялық зерттеулер лабораториясы болғанымен, қазір тек музей ретінде жұмыс атқарады. Осы уақыт аралығында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен халықаралық конференциялар мен түрлі